КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

16 қараша 2023 жыл №7527-23-00-2/12327 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.Н.Казымбетова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
ПОГОСЯН СЕРГЕЙ АРЕВШАТОВИЧ «Machinery Company» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану;

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

12 маусым 2023 жылғы №9847631-ОК-1 қорытындысы туралы хаттамаға сәйкес 29 маусым 2023 жылы талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі (Тапсырыс беруші) мен жауапкер ПОГОСЯН СЕРГЕЙ АРЕВШАТОВИЧ «Machinery Company» жеке кәсіпкері (Өнім беруші) арасында №126 тауарларды мемлекеттік сатып алу шарты (әрі қарай - Шарт) жасаған.

Шарттың 2.1, 2. сәйкес жауапкер жалпы сомасы 56 066 000 (елу алты миллион алпыс алты мың) тенгеге 17 дана Аспалы өрт сөндіргіш тауарын шартқа №1 қосымшаға сәйкес жеткізуге міндеттелген, жеткізу мерзімі келісім шарт қазынашылық органдарында тіркелген күннен бастап 90 тәуліктен аспауы тиіс.

Шарт бойынша жауапкер тауарды 2023 жылдың 27 қыркүйегіне дейін орындауға міндеттенген. Алайда, жауапкер шартқа сәйкес өз міндеттемесін орындамаған.

Сот, азаматтық істің материалдарын және ұсынылған дәлелдемелерді зерделеп, келесі тұжырымға келеді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-

Құжатқа қол қойылған: Казымбетова Г. Н., 16.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 25.12.2023, судья Бултыкова Д. Е., 06.02.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АҚ) 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Шарттың 5.4-тармағына сәйкес, Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

Жауапкер шарт бойынша тауарды белгіленген мерзімге жұмысты орындамаған және тапсырмаған, яғни өзінің шарттық міндеттемесін орындамаған.

Талап қоюшының талабы жоғарыда аталған шартпен, оның қосымшаларымен дәлелденеді.

Талап қоюшы осы талап қою арызымен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2023 жылдың 05 қазанда жүгінген.

Сот, іс құжаттарын зерттеп, жауапкер ПОГОСЯН СЕРГЕЙ АРЕВШАТОВИЧ «Machinery Company» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 725 теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшының талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер ПОГОСЯН СЕРГЕЙ АРЕВШАТОВИЧ «Machinery Company» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер ПОГОСЯН СЕРГЕЙ АРЕВШАТОВИЧ «Machinery Company» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Құжатқа қол қойылған: Казымбетова Г. Н., 16.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.12.2023, судья Бултыкова Д. Е., 06.02.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Г.Н. Казымбетова**

Құжатқа қол қойылған: Казымбетова Г. Н., 16.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.12.2023, судья Бултыкова Д. Е., 06.02.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -

7527-23-3-1/15170